

## Көшеге атау беру туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 16 маусымдағы № 90 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 23 маусымда № 5045-06 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Атырау облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 11 қазандағы қорытындысының негізінде және Махамбет ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып ШЕШТІМ:

1. Махамбет ауданы Махамбет ауылдық округі Махамбет ауылы "Шаттық" шағын ауданындағы № 23 көшеге Ысқақ Жақұпов атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Махамбет ауылдық округінің әкімі*

*Р. Әженов*